

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

**Ислам дінін насихаттауға арналған
маддах өлеңдер**

Орындаған: Әлайдар А.

Тексерген: Есіркепова Г.

•

- Алдыңғы, Ортаңғы, тіпті Оңтүстік Азиядағы лириканың дамуына арабтардың қосқан үлесі зор. Әсіресе, исламға дейінгі дәуірге жататын араб дәстүрі (X ғ. дейінгі қасыдалар) үлкен маңыздылыққа ие болады.

- Көшпелі бәдәуилер арасында өлең шығару өнері батырлықтан кем саналмаған. Өз тайпасының, руының даңқын шығаратын ақындар болғандықтан, өлең өнерін білетіндерге қоғамы өз төрінен үлкен орын берген. Бәдәуи дүниесінде жазба әдебиеті болмағандықтан ақындарының шығармалары тек қана ауыздан-ауызға көшу арқылы сақталып қалды. Мысалы, Қурайш тайпасында сан мыңдаған өлең жолдарын жатқа айтатын **Махрама ибн Нуфл, Хубайтаб ибн Абд әл-Азза секілді, Хаммад ар-Рауиа (ҮІІ), Халаф әл-Ахмар (ҮІІІ), Абу Саид әл-Хассан ас-Суккари (ІХ), Абу Бакр Мұхаммед ибн әл-Қасым әл-Әнуари (Х)** сынды үлкен дарын иелері болған.

● Қазіргі күні Ислам дәуірі ақындарының бізге жеткен бірнеше ірілі-уақты жинақтары жеткен. Олар:

→ Хаммад ар-Рауи (694-772) құрастырған «әл-Муаллақат» антологиясы;

→ Муфаддал ад-Дауи (780-867) құрастырған «әл-Муфаддалиат» атты өлеңдер жинағы;

→ Абу-л-Фараж әл-Исфahanидің (897-967) «Китаб әл-ағани» («Ән кітабы») антологиясы;

→ Ибн Қутайбаның (828-889) «Поэзия және ақындар» («аш-Шиир уа-ш-шуара») еңбегі;

→ Абу Таммамның (805-886) «Китаб әл-Хамаса» («Батырлар жыры») антологиясы.

- *Араб поэзиясындағы Ислам дінін насихаттауға арналған өлең өлшемі (аруд) латын, грек өлеңі секілді квантитативті (созылыңқылы әрқилы буындардың ауысып келуі) болып келеді. Қысқа және созылыңқы буындар жиылып бунақ құраса, екі және үш бунақ жарты өлеңді, ал екі жарты - өлең міндетті түрде үзілістік арақатынаспен бөлініп - бәйітті /төрт жол/ құрайды.*

- Классикалық араб өлеңдері, негізінен, моноримді. Сондықтан да олар көбінесе ұйқастың атымен (*мысалы, барлық өлең жолдары: дауыссыз «ләм»-ге бітсе «ләмийа»*) аталатын болған. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген *қасыданың* (көлемі кішігірім поэма) ірге тасы исламға дейінгі кезеңде қаланған. Қасыда, әдетте, елу не жүз бәйіттен тұрған. Сондай-ақ бір тақырыпты сөз ететін жеті-он өлеңнен ғана құралған *қыта'а* өлеңі де болған.

Жанрлары:

- *хиджа* («сатира»),
- *газал* («махаббат жыры»),
- *уасф* («табиғатты суреттеу»),
- *мадх* («мадақ»),
- *фахр* («өзін-өзі мақтау»),
- *риса* («элегия»),
- *хамрийат* («шарап жыры»),
- *тардийат* («аңшылық суреттері»),
- *зухд* («діни сарындағы жырлар»),
- *нақаид* («мысқыл»),
- *насиб* («әйел сұлулығын жырлау») секілді т. б. жанрлар болды.

Риса жанры (элегия):

- Мысалы, араб поэзиясының тағы бір талантты өкілі әл-Ханса майданда қаза болған ер жүрек ағасы Әбу Хасан Сахарды: *«Жоқ, сенің ардақты атыңды ұмытпаспын! Абу Хасан Сахар қаза тапқан күннен бері мен барлық қуаныштан айрылып, бақытыммен біржола қоштастым. Хақ тағала сенің жаныңды жаннаттық етсін» деп жоқтайды.*

Ғазал жанры:

Ғазал жанры ислам діні келгеннен кейін өз орнын және бояуын жоғалтқан жоқ. Арабтардың атақты шайыр-ақыны Каъб бин Зухайр исламды қабылдау үшін пайғамбарымыздың алдына келіп өзі пайғамбарымызды мақтап жазған өлеңін ғазал кіріспесімен бастайды. Ақын өзінің ғашығын, екеуі қоштасар кездегі ғашығының бейнесін суреттей келіп, негізгі тақырыбы мақтауға көшеді. Шайыр өлеңнің мына жолын оқығанда:

- *Пайғамбар нұр жарқыраған,*
- *Тәңірінің алмас қылышы жылтыраған*
- пайғамбарымыз иығындағы шапанын ақынға жапты.
- Ал уммауи дәуірінде ғазал жанры дами түсті.

«Тардийат» жырлары:

- Абай атамыздың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі – нағыз тардийаттың өзі.

- 1) Қайнар ОЛЖАЙ, Егемен Қазақстан
<http://etjendi.egemen.kz/?p=52340>
- 2) Рудаки поэзиясының әлеуметтік мазмұны.
<http://www.lektsiopedia.org/lek4-347.html>
- 3) Ұ.Алиакбарұлы: [Араб әдебиеті, Ислам дәуіріндегі араб поэзиясы: Әбу Михжан әл-Сәкафи](#)